



Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

№ 09 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2004 жылғы 16 сәуір

Резервтер және ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2004 жылғы 15 сәуірде мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	5914,5	5934,6
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	5206,9	5206,9
Алтын	707,6	727,7
Ақша базасы, млрд. теңге	316,0	316,0
KZT/USD (кезең аяғында)	138,07	144,22
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	405,75	417,25

* 2003 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы сәуірдің бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 4,0%-ке (немесе 228,7 млн.долл.) өсті. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногында валюта сатып алуы және Қаржы министрлігінің Ұлттық Банктегі шотына шетел валютасының түсуі таза валюта қорларын (ЕАВ) 264,9 млн.долларға толықтыруға ықпал етті. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 4,1%-ке төмендеуі нәтижесінде 36,2 млн. долларға төмендеді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 4,6%-ке, ЕАВ-мен таза активтер – 5,4%-ке, алтынмен активтер – 0,8%-ке өсті.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 3739,6 млн. долл.) қоса алғанда 9656,8 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі – 2,4 % болды.

2004 жылғы сәуір айының бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуі (Үкіметтің шоттары көлемінің көбеюі) ақша базасының 3,0%-ке (немесе 9,6 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.